

ӘОЖ 94(560) «16»: 349

М.Б. Манашева, Г. Қортабаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: haykur_2188@mail.ru

Осман империясының әкімшілік-құқықтық жүйесі

Мақалада тарихтан елеулі орын алған Осман империясындағы әкімшілік-құқықтық басқару жүйесінің қалыптасу мәселесі қарастырылған. Әрбір басқару жүйесі жеке-жеке қарастырылады. Осман империясында шариғаттың маңыздылығы сөзсіз. Себебі ол тек қана құқықтық және діни салаларда ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік және экономикалық өмірлерінде де үстемдік еткен. Құқықтық жүйе бар империяның барлық аймақтарындағы халықтар өз мәселелерін жергілікті мүфтиге жүгіну арқылы шешетін. Сонымен қатар мақалада Осман империясының саясаты да қарастырылады.

Түйін сөздер: Осман империясы, канун, шариғат, райя, кадий соты.

M. Manasheva, G. Kortabayeva

Administrative-legal system of the ottoman empire

In the article examined the questions related to politics of the Ottoman empire. And similarly the article is sanctified to the problem of functioning of the administrative-legal system of the Ottoman empire.

Key words: Ottoman empire, eve, shariat, raya, court kadi.

М.Б. Манашева, Г. Қортабаева

Административно-правовая система османской империи

В статье рассматриваются вопросы, связанные с политикой Османской империи, а также проблемы функционирования административной-правовой системы Османской империи.

Ключевые слова: Османская империя, канун, шариат, райя, суд кадия.

VI ғасырда түріктер ұрпақтарына тарихтағы ірі империялардың бірін билеуге мүмкіндік берген басқыншылыққа аттанады. Алғашында түріктер анимизмді ұстанады, яғни жерге, аспанға, суға табынады, алайда Орталық Азияға және Шығыс Еуропаға жылжи келе бір кездері буддизмнің, иудаизмнің және христиан дінінің ықпалында болады. Моңғолдардың басқыншылық әрекеттері түріктерді Араб халифаты жағына шегінуге мәжбүрлейді, сол жерде олар сенімдерін жігерлендірген ислам дінін қабылдайды. Мұсылман діні олардың тұрмыс салтына себеркер болды. Осы сенімдері соғысқан және соғыста қаза тапқан жауынгерлерге өмірінде және одан кейін де үлкен сый уәде етті. Мұсылман дініне берілгендіктері сонымен қатар ауқымды

және дамыған бірлестіктерге бірден қосылуға себепші болды. Исламды қабылдай отырып түрік жауынгерлері соғысты жүргізуде аймақтарды жаулап алу және дін сияқты маңызды мақсаттарға жетті [1, 5].

Түріктердің этнос ретінде қалыптасуы туралы нақты түсініктермен айтуға тиіспіз. Кіші Азияның халқы ежелден бері христиан болған. Түрік-мұсылман қабатының жаулап алуы, тіпті бұрынғы халықтың түркіленуінің өзі христиан дінінің жоғалып кетуіне апарған жоқ. Керісінше христиан халқының көп бөлігі ұзақ уақыт бойы ұстанымдары басым түрік мұсылман халқымен бірге өмір сүрді. Сондықтан түріктер деп кең мағынада Түркияның барлық халқын атауға болады, бірақ шын мәніндегі түріктер ұзақ уақыт

бойы сандық жағынан аз болған тек қана түрік ислам топтарының өкілдері болды.

Шамамен екі ғасыр аралығында Осман империясы бүкіл елдің алдында, ең бастысы ислам елдерінің көз алдында өз кезеңіндегі алып, ірі империяға айналады. Жаңадан басып алынған (Балқан, Қырымды) айтпағанда ұзақ өмір сүрген халифат жерлерінің тіпті барлығы (Арабия, Ирак, Магриб, тіпті Кавказ бөлігі) осы империяның иелігінде болды. Алып Осман империясы Еуропаға, сонымен қатар Ресейге қауіп төндірді.

Түріктердің соғыстағы жеңістері олардың саяси қуаттануын қамтамасыз етуі көбінесе әлеуметтік ұйымның динамикалық жүйесіне себепші болды, көшпенділердің әдеттегі туыстық байланыстарының тууына апарды. Түрік иелігіне қараған халықтар өз қожаларына тікелей тәуелді болды. Түріктер Балқан түбегіндегі жаулап алған жерлерін әкімшілік-басқару жағынан санжаққа (облыстарға) бөлді. Санжақтарды түрік сұлтаны тағайындаған бейлер басқарды. Балқан түбегіндегі жер түрік сұлтанының иелігіне көшті. Түрік жерінен шаруаларды көшіріп әкеліп, оларға жер бөлді. Феодалдық жер иелігі – спахи, ал мешіт иелігіндегі жерлер – вакуф деп аталды.

Осман империясының экономикалық дамуы оның әлеуметтік құрылымы мен саяси ұйымдасуына тығыз байланысты болды. XV ғасыр авторлары мемлекетті басқару жүйесі туралы айта келіп, ел тұрғындары негізгі екі топқа бөлінеді деді. Олар әскерилер мен райялар. Біріншілеріне барлық сұлтан билігін жүзеге асыратын сарай қызметкерлері, азаматтық чиновниктер, сипахтар мен улемдер жатты. Екінші топқа бағынышты барлық мұсылман, мұсылман еместер кірді [2, 178]. Әскерилердің ресми ерекше белгілері сұлтанның ел басқару ісіне рұхсат ететін дипломы немесе жарғысы болды. Іс жүзінде олардың қоғамдағы жағдайына келсек ол өндіріске қатыспады, алым-салықтан босатылды және салық төлеушілерді қанау есебінен өмір сүрді. XV-XVI ғасырлардағы осман саяси қайраткерлерінің пікірі бойынша мемлекеттің басты мақсаты райаттарды билеуші топтардың қатарына өткізбеу болды. Османдардың басып алған жерлерінің көлемі ұлғайған сайын осы жерлерді өңдейтін шаруалар, әдетте түріктер емес, көбінесе райялар болды.

XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында үлкен жаулап алу жорықтарының нәтижесінде осман қоғамы әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан жә-

не этнодіни біртекті емес халықтардың күрделі конгломератына айналды. Осман қоғамында екі негізгі топтың ішінде бір-бірінен өмір сүру дәстүрімен, дінімен, жұмысымен, тіпті өмір сүру дәрежесімен ерекшеленіп тұратын әртүрлі категориялар пайда болды. Салық төлейтін тұрғындар мұсылмандар мен мұсылман еместерге, қалалықтар мен ауылдықтарға, көшпелілер мен отырықшыларға бөлінді. Балқан түбегіндегі халықтарға өте ауыр мемлекеттік салықтар салынды. Жер салығы – харадж енгізілді. Харадж салығы кәпірлерге (христиан дініндегі адамдарға) салынатын салық еді. Үшр салығы – өнімнің түсімінен алынатын салық (оннан бірі) түріне жатты. Жергілікті өкіметтің рұқсатынсыз шаруалар өз үлесін тастап ешқайда кете алмайтын. Халықтың дін жағдайы өте ауыр болды. Мысалы Болгар, Серб жеріндегі христиан шіркеуіне тыйым салынды. Ал ислам дінін қабылдағандарға жеңілдіктер жасалды [4, 96]. Сонымен қатар ежелгі славян тайпаларынан бері сақталып келген мәдениет орындары жабылды. Балқан түбегінде Осман империясы мұсылмандандыру саясатын жүргізеді.

Империяның барлық жерлері мемлекеттік болып саналды, ал оны сұлтанның атынан билеуші аппарат басқарды.

Осман империясында сот жүйесі де болды. Сот жұмысын мұсылманқазы (кадилар) жүргізді. Сот ісін жүргізу орталықтандырылып, жоғарғы сот уәзірдің қолында болды. Діни бағыттағы сот істерін шейх-уль-ислам жүргізді. [4, 156]. Империядағы құқықтық нормалар төрт бөліктен тұрды. Біріншіден, шарифаттан-қасиетті ислам заңдар жинағынан, оған тіпті сұлтанның өзі бағынбай қоймайтын және өзгеріс те енгізе алмайтын; екіншіден канундардан-сұлтанның жазбаша заңдарынан; үшінші адеттен-алыс және артта қалған аудандарда ерекше мәнге ие тұрақты дәстүрлерден; төртінші урфа-сұлтанның заңдарына қайшы келетін бұрынғы заңдар мен дәстүр нормаларынан да маңызды жазбаша түрдегі билік басындағы сұлтанның заңдары.

Әрине шарифаттың маңыздылығы сөзсіз. Ол тек қана құқықтық және діни салаларда ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік және экономикалық өмірлерінде де үстемдік етті. Ауыл мектептерінің молдаларынан жоғары білімді адамдарына дейін нақты дайындалған оқыту курсы арқылы заң және дін саласында үлкен беделге ие болды. Олар өз білімдерін грамматиканы, логиканы, философияны, геометрияны және астрономияны үйрететін медресе-

селерде және үлкен мешіттердегі оқу орындарында бастады. Бұл пәндерден басқа медреседе он екі жастан бастап Құран мен шарифатты, сонымен қатар теологияны, қасиетті кітаптарды түсіндіруді және құқықтануды үйретті. Оқушылар курсты аяқтағаннан кейін ауылдағы соттың бірі-кадия тағына тағайындалуға жеткілікті білімдерді алып шығатын. Атаққұмарлар он екі жоғарғы медресенің біреуінде сабақ беруден бастайтын. Жастар кезектегі сатыларға ілесіп отырды және жоғары қызметке жетуге мамандандырылып отырды. Тоғыз медреседе сабақ беріп болып, Ыстанбұлдағы Сүлейман мешіті қарамағындағы белді мектептердің бірінде сабақ беруді аяқтағаннан кейін олардың алдында жоғары қызметке жол ашылды [5, 302-303]. Олар біліктілікке ие болғаннан кейін үш басты медреседе оқытушы немесе империяның он екі маңызды қаласының бірінде, яғни олардың алғашқылары Мекке мен Мединада кадий немесе тіпті Ыстанбұлда кадия қызметіне тағайындала алды. Анатолияның кадий әскері қызметі бұдан да жоғары қызмет болып табылды. Яғни бұл азиаттық аймақтардың әскери соты қызметі. Сонымен қатар империяның еуропалық аумағындағы әскери сот, яғни Румели кадия әскері қызметі одан да жоғары қызмет болып табылды.

Барлық қызметтердің ең маңыздысы Ыстанбұлдың мүфти қызметі болды. Бұл қызмет қатаң діни және құқықтық тарауларды біріктірді. Ыстанбұлдың мүфти шейх-уль-ислам лауазымына ие болатын. Әдетте оған тағайындалғандар кадий әскері атанғандар болатын. Шейх-уль-ислам зиялы қауымдардың өміріне ықпал етпесе де, әрдайым империяның билік жүйесінде маңызды рөл атқарды. Алайда мемлекет бастағалы отырған соғысты хабарлау жауапкершілігі соған жүктелді. Сонымен қатар шарифат нормаларына, заңға сәйкестілікті тексеру үшін де шейх-уль-исламға жүгінді. Себебі шейх-уль-ислам қасиетті заңның басты түсіндірушісі және қорғаушысы болды, ол сұлтанның ар-намысы бола отырып ұлы уәзірге рухани ауырлық түсірді. Басқа да жоғары мәртебелі діни қайраткерлерге сұлтанның діни тәлімгері қожа кірді. Одан кейін әр жұма сайын сұлтан баратын мешіттерде Құдайға құлшылық етуді бастайтын екі имам; үлкен жауапкершілікке ие сарайдың бас емшілері, карталар мен күнтізбелерді сызатын бас астролог. Барлық шығындар арнайы қазына бөлімі белгілеген қайырымдылық қорларынан төленіп отырды. Қор түрлі айыппұл мен сыйлардың есебінен толықтырылып отырды.

Сот төрешілері кадий мен мүфтилерге бөлінді. Кадий түбегейліліктен кәсібилікке және еркіндікке Осман империясының сот төрелігі бағынышты Еуропада, Солтүстік Африкада және Қырымда өз қызметтеріне тағайындалды, Румелиде, Азияда және Египетте кадий әскер және Анатолияда кадий әскер болып тағайындалды. Екі ведомство бір-біріне бағынышты болған жоқ. Қызметтеріне тағайындалғаннан кейін кадий өзіне көмекші ретінде бір-екі наиб алды. Құқықтық мәселелерді шешуден басқа кадийлер некелік келісімшарттарды рәсімдеді, жетімдердің және мүгедектердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ете отырып аудандық нотариустар міндетін атқарды, некелесу салтанаттарына қатысып, азаматтық хал актілерін де рәсімдеді [6, 89]. Сонымен қатар кадийлер мен мүфтилерге ауданның жоғары шенеуніктері де нұсқаулықтармен жүгіне алатын.

Сот істерін қарастыру барысында кадий ең алдымен басшылыққа алу мен түсіндіруде шарифатқа жүгінетін. Осы жағдайда оларға мүфтилер көмектесе алатын. Содан кейін сот төрешісі құқықтық деректеме ретінде шарифатты қамтымайтын, сәйкес айыппұлдар мен жазалардан тұратын сұлтанның заңдарын қолданатын. Канундар (заңдар) шарифат нормаларына қарағанда тұтастай өте қатаң болды. Сот үкімдері түсінікті түрік тілінде немесе оның диалектісінде мұқият қалыптасқандығына қарамастан канундар едәуір байыпты жазаларды қарастырды және қаланың барлық соттарына таратылды. Оның мазмұны халыққа да жетуі тиіс болатын. Канундар көпшілік орындарда жоғары дауыспен оқылатын және әрбір тұрғын кішігірім төлем төленетін сотта немесе мемлекеттік мекемелерде заңның сәйкес көшірмесін талап етуге құқылы болды.

Кадий қамқорлық таныту саласында дәстүрлер мен құқықтарды қолдану мәселесінде нұсқаулықтар беріп отырды және сот үкімдерін шығаруда өз тәжірибелерін қолданып отырды. Ұлы мүфтилердің құқықтық шешімдері жазылып, білу үшін таратылды, сот істерінің жазбаша түрдегі тіркелулері жүргізілген жоқ. Таласты жағдайларда сілтемелер қарастырылмаған. Сот үкімі ақырғы шешім болып табылған, апелляцияға беруге рұқсат етілмеген, себебі барлық соттар тең деп есептелген. Шешімдер қысқа әрі нақты түрде, ешқандай кідіріссіз қабылданған. Сонымен қатар кадий құжаттарды, келісімдерді тіркейтін нотариус, сауда, қаржы және басқа да мәселеге байланысты дауларды шешетін, кіріс-

терді бақылап, салықтың жиналуын қадағалаушы, бағалардың орнатылуын бақылаушы қызметін атқаратын.

Мүфтилердің, яғни заң кеңесшілерінің арасында дайындық деңгейінде қайшылықтар болды. Шейх-уль-ислам империяның ірі қалаларына кадийлердің көмекшісі болатын мүфтилерді тағайындауда жауапты болды. Бұдан бұрын мүфтилер әдетте төменгі сатыдағы медреселерде бірнеше жыл оқыды. Кішігірім қалалардағы мүфтилер дайындықтарының әлсіздігімен ерекше көзге түсті, ал ауылдарда имамдар, медресе оқытушылары немесе тіпті тәжірибесі мол қариялар олардың орнын орнын толтырды. Кадий немесе қарапайым қалалықтар шариғат нормаларын талап ететін құқықтық мәселелерді шешуде мүфтилерге жүгінетін [7, 302-303].

Әрбір әлеуметтік топтың, қалалық қолөнер цехы немесе ауыл кеңесінің болсын ішкі таластарды талқылайтын өзінің жеке ұйымы және сот төрелігіне жіберіп отыратын шейхтары болды. Құқықтық жүйе бар империяның сол аймақтарында халық өз мәселелерімен жергілікті мүфтиге жүгінуге бейім болды. Істі сотқа жібермей-ақ жазалайтын белгілі дәстүр бұзушылық та болды. Бұл көбінесе өздерін ұстай алмаған жағдайда немесе қанды ұрыстарда бірден өлім жазасын қолдану көшпенді халықтардың арасында орын алды.

Кінәсі кадий сотымен дәлелденген қылмыскерлер түрлі жазаларға тартылды: өлім жазасынан қолын шауып тастауға дейін немесе таспен ату, түрмеге қамау немесе жер аударту, ақшалай айыппұл және т.б. Тез және қатаң жазалар, әлеуметтік топтардың ортада болып жатқан қылмысқа деген бірлескен жауапкершілігі заңды ұстануға және қылмыстың ең төменгі деңгейде болуына себепкер болды. Сұлтанның диваны өлім жазасына лайық белді адамның қылмысын талқылап сот қызметін орындағанда ол белгілі тұлғаның қатысуынсыз жүзеге асты. Сотталу-

шыны кінәлі деп таныса іс қағаздарды тасушыны үкімді жүзеге асыру үшін сот үкімімен ірі шенеунікке жіберетін. Сотталушы жердегілермен қоштасып Алланың еркімен о дүниеге аттанатын. Оның шабылған басы үкімнің орындалғандығының дәлелі ретінде іс қағаздарын тасушы арқылы сұлтанға жіберілетін. Сұлтан Сүлейманның сарайын бір күнде қырықтан кем емес шабылған бастардың әкелінгендігі туралы деректер бар.

Түркияның қалаларын түрік емес өзге діндердегі адамдар мекендеді, олардың барлығы мұсылман саудагерлерімен тең болды, мүмкіндіктері шектеулі болды. Қала өмірінде мұсылман арабтар белгілі рөл атқарды, бірақ түріктердің өзі өте аз болды. Түріктер алдымен әскер болды, кейбірлері жер иесі болды, аз бөлігі ғана қолөнерші, саудагер болды [8, 312-313].

Сүлейман алғаш рет капитуляция (тізе бұғу, берілу) режимін орнатты, яғни бұл режим шетелдіктерге империя аумағында өз заң құзіреттерінің құқықтарын пайдалануға рұқсат берген режим болып табылады. Алғашында айрықша құқықтар сауда компанияларына берілді, содан кейін Осман империясының қол астындағы маңызды көзқарастары бар кез-келген елдің билігіне берілді. Қорыта келе осы айрықша құқықтардың арқасында шетелдіктер түрік заңдарының ықпалына ұшырамады және салықтар да төлемеді. Олардың үйлері мен сауда орындары болды, ал осы шетелдіктерді тұтқынға алу және қоныс аударту сияқты мәселелерді әр мемлекеттің елшілері ғана жүзеге асыра алатын. Шетелдіктердің арасындағы таластар мен жанжалдар кез келген елдің заңы бойынша консулдық соттармен шешіліп отырды. Айрықша құқықтарды бұзу өте сирек кездесетін, себебі шетелдіктердің жерлестігі өте аз болды, олардың басым бөлігі саудагерлерден тұрды. Алайда осы капитуляция режимі XIX ғасырдың ортасында Түркияның әлсіреуінің сипаты болып көріне бастады.

Әдебиеттер

- 1 Васильев Л.С. История Востока. 2томдық. – I том. – М.: Высшая школа, 1998.
- 2 История Востока. 3 томдық. – II том. Восток в средние века.– М.: РАН, 1998.
- 3 Тордаев С.А. Орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің тарихы. – Алматы, 1998.
- 4 Рафаэла Льюис. «Османская Турция. Быт, религия, культура».– М.: Издательский дом «Центрполиграф», 2004.
- 5 Широкопад А.Б. Взлет и падение Османской империи. – М.:Вече, 2012.
- 6 Курпаладис Г.М. Государство Великих Селджуков.– М.: Инфра-М, 1992.
- 7 Bilal Eryilmaz «Osmanlı Devletinde Gayrimuslim Teb'anın Yönetimi». – Ankara, «Yeni Türkiye yayınları», 2009.
- 8 Еремеев Д.Е., Майер М.С. История Турции в средние века и новое время.– М.: Проф. Марин Дринов, 1992.

References

1. Vasilyev L.S. Istoriya vostoka. 2 tomdyk. – I tom. – M.: Vysshaya shkola, 1998.
2. Istoriya vostoka. 3 tomdyk. – II tom. Vostok v srednie veka. – M.: RAN, 1998.
3. Tortayev S.A. Orta gasyrlardagy Shygys elderinin tarihy.– Almaty, 1998.
4. Rafayela Lyuis «Osmanskaya Tursiya. Byt, religiya, kultura».– M: Izdatelski dom «Sentrpoligraf», 2004.
5. Shirokorad A.B. Vzlet I padenie osmanskoi imperi. – M.: Veche, 2012.
6. Kurpaladis G.M. Gosudarstvo velikih seldjukov.– M.: Infra-M, 1992.
7. Bilal Eryilmaz. Osmanlı Devletinde Gayrimuslim Teb'anın Yönetimi.– Ankara, Yeni Türkiye yayınları, 2009.
8. Eremeyev D.E., Mayer M.S. Istoriya Tursi v srednie veka I novoe vremya.– M.: Prof. Marin Drinov, 1992.